

Шешімдерді жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 1 қараша N 500

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М.Қажыгелдин мен Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы В.С.Черномырдиннің 1996 жылғы 4 қазандағы кездесу Хаттамасында көзделген шешімдерді жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Экономика министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қаржы министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі, Кеден комитеті, басқа да министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі басшыларының 1996 жылғы 4 қазандағы кездесу Хаттамасында көзделген шешімдерді белгіленген мерзімде жүзеге асыруға кіріссін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік салық комитеті, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Ресей Тарабымен бірлесіп 1996 жылғы 18 қазанға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен:

қос салық салуды жою және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы конвенцияны;

теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеу ерекшеліктері туралы Келісімді;

"Ембі", "Саршаған", 4 МПО және 929 МҰСО сынақ полигондарын Үкімет басшылары орынбасарларының деңгейінде 1995 жылғы 27 желтоқсанда келісілген нұсқасында жалдау Шартын;

ресей телерадио хабарларын тарату ұйымдарының бағдарламаларын Қазақстан Республикасының аумағына және Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату ұйымының бағдарламаларын Ресей Федерациясының аумағына, ресей телерадио бағдарламаларын Қазақстан Республикасының аумағына таратуға байланысты бірдей шығыстарды ескере отырып, таратудың тәртібі мен шарттары туралы Келісімді;

Қазақстан Республикасының аумағынан 1995 жылғы 24 шілдеде Ресей Федерациясының аумағына әкетілген техникалар мен қарулар үшін өтем төлеу туралы

Келісімді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы Хаттаманы дайындап, қол қоюға енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мүдделі ұйымдарымен бірлесіп екі ай мерзім ішінде:

мұнай мен газ барлаудағы, шығарудағы, қайта өңдеу мен тасымалдаудағы интеграция туралы;

электр энергетикасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерді дайындап, қол қоюға енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, басқа да мүдделі ұйымдардың қатысуымен Ресей Тарабымен бірлесіп ауыл шаруашылығы техникаларын, оның ішінде лизинг негізінде өзара беріп тұру туралы Келісім жобасын жасауды аяқтасын және үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде келісілген құжатты қол қоюға енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Тарабымен адам құқығы жөніндегі ұлттық комиссиялардың қызмет мәселелері жөніндегі келісілген шешім жасау жөнінде консультация өткізсін және бір ай мерзім ішінде Үкіметке мәлімдесін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ғылыми министрлігі - Ғылым академиясы, Сыртқы істер министрлігі Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Ресей Федерациясының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдермен ынтымақтастық жөніндегі министрлігінің басшыларымен "Байқоңыр" кешені аумағындағы азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөніндегі келісімдердің жобаларын түпкілікті пысықтау үшін және "Байқоңыр" кешеніндегі құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы құжатқа биылғы жылы қол қою мақсатында үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейін кездесу ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғарин, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы, Экономика министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Кеден комитеті, Сыртқы істер министрлігі, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар үстіміздегі жылғы қазанда "Байқоңыр" кешенін пайдалануға байланысты барынша маңызды және өткір мәселелерді шешу және жалдау шартында оны пайдалануға қатысты қосымша құжаттарды дайындау мақсатында "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық Комиссиясы мәжілісін өткізуді ұйымдастырсын.

8. "Байқоңыр" кешеніне қатысты қосымша құжаттарды дайындау мақсатында: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай

мерзім ішінде "Байқоңыр" кешенінің "Крайний" және "Юбилейный" аэродромдарындағы ұшулар мен Байқоңыр әуе кеңістігі арқылы ұшып өтулерді ұйымдастыру тәртібінің жобасын дайындасын;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1996 жылғы 1 қарашаға дейін "Байқоңыр" кешенін электр энергиясымен қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары туралы Келісімнің жобасын пысықтау жөнінде тараптар сарапшыларының кездесуін өткізсін;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі Ресей Тарабымен бірлесіп "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі Келісім жобасына келісуді тездетсін және үстіміздегі жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде қол қоюға енгізсін;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үстіміздегі жылдың аяғына дейін Ресей тарабымен бірлесіп іздеу-құтқару кешенінің объектілеріне түгендеу жүргізсін;

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті бір ай мерзім ішінде "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және одан әкетілетін жүктерді (тауарларды) кедендік бақылау тәртібі туралы екіжақты бірлескен құжаттың жобасын дайындасын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Приозерск қаласының әкімі Ресей Тарабымен бірлесіп Прозерск қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі Хаттаманы пысықтасын және 1996 жылдың 15 қарашасына дейінгі мерзімде келісілген құжатты Үкіметке ұсынсын.

10. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, мүдделі министрліктер мен ведомстволар "Электрометаспап" ұлтаралық қаржы-өнеркәсіптік топтарын құру жөніндегі шаралар туралы Келісімді жүзеге асыру жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

11. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғарин Экономика министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Қаржы министрлігімен және басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп Ресей мен Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің есеп айырысуы бойынша, берілген өнім (көрсетілген қызмет) үшін қойған талаптарының мәселесін, оларды 1997 жылғы 1 қаңтарға дейін реттеуді ескере

отырып, шешу жөнінде ұсыныс енгізсін.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

өкілдерінің Ресей Тарабының тиісті министрліктерімен және
ведомстволарымен екіжақты кездесуін өткізуді ұйымдастырсын.

13. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан
Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары